



ИКҚЫН

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы: Абай - өлеңдегі Алатау болса, Қасым - Қаратау



Көрнекті жазушы, М. Шолохов және В. Пикуль атындағы Халықаралық сыйлықтардың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Сәбит Досанов - қазақтың дауылпаз ақыны Қасымның үлкен жоқшысы. Ақиық ақын жайында «Екінші өмір» атты роман жазған қаламгер өзінің бұл кітапқа қалай келгенін былайша баяндайды:

- Мен өзім Қасымды көрмесем де, жасымнан сырттай ғашық боп өстім. Хат танығаннан бастап өлеңдерін оқыдым. Ол кезде қолымда кітабы жоқ, газетке шыққан өлеңдерін кезектесіп оқимыз. 1955 жылы Қасымның үш томдық шығармалар жинағы қолыма түсті. Осыдан кейінгі жинақтарының бәрі менде бар. Жасымда Қасымның сол үш томдық өлеңдерінің бәрін жаттап алғанмын. Қазір жадым нашарлады, соның өзінде көп өлеңдерін әлі жатқа айтамын. Дүниежүзілік әдебиетке қарасак, таланттар толқын-толқын болып келеді. Қазақ әдебиетінде де солай. Бірақ Абайдан кейін сол толқын үзіліп қалғандай еді. Шәкәрімдер, Мағжандар, Ілиястар көпке дейін ақталған жоқ. Сол кезде жарқ етіп керемет талант Қасым шықты. Абайдан кейін бос қалған кеңістікке алтын көпір боп тұра қалды. Бұл - Қасымның ерекшелігі.

Қасым жайлы роман жазудан бұрын, алдымен ақынның шығармашылық лабораториясы жөнінде әйелі Сәпен апаймен әңгімелесіп, «Қазақ әдебиеті» газетіне мақала жаздым. «Қасым қалай жазды?» деген осы мақаладан кейін «Қазақ әдебиетіне» хат дегенің қаптап кетті. Мұхаметжан Қаратаев, Серік Қирабаев, Сағат Әшімбаев телефон соғып, ризашылықтарын білдірді.

Содан не керек, Қасымның шығармашылығын індете жүріп, «Сымбаты бөлек сырлы әлем» деген зерттеу мақала жаздым. Ол мақала «Қазына» деген кітабыма кірген. Сосын «Аманат» деген пьеса жаздым. Онда ақын «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының жазылу тарихын пьеса қылып жаздым. Одан кейін Қасым туған «Аққора» деген шағын ауылға бардым. Сондағы құлайын деп тұрған мектептің алдында гипстен жасалған шағын ескерткіші бар екен. Сөй-

лесетін де адам жоқ, ешкім жөн-жосығын білмейді. Маған бұл жолда көп көмек берген - ақынның жары Сақыпжамал апай мен ақын Сырбай Мәуленов. Қасым мен Сырбай бесік құда болған. Жастар кейін үлкендерді тындап, Қасымның үлкен қызы Жанна Сырбайдың ұлы Дүйсенге тұрмысқа шыққан. Екі-үш балалары болып, бақытты өмір сүрген. Тағдыр ғой, қазір сол Дүйсен де, балалары да қайтыс болып кетті. Бүгінде Жанна - 70 жаста, одан кейінгі Дариға -69-да. Кіші қызы жоғары білімді, кітапханашы болып істеген, орысша өлең де жазады. Қазір қос мұңлық бір үйде бірге өмір сүріп жатыр.

Жастардың жанашыры

- Қасым туралы «Екінші өмір» романым 1982 жылы «Жазушы» баспасынан көп қиындықпен, көптеген кедергімен шықты. Оқушылардың сұрауы бойынша романым қайта басылды. Кейін Мәскеуде «Екінші өмір» мен «Тау жолы» романым орыс тілінде шығып, бұрынғы Лениндік, қазіргі халықаралық Шолохов атындағы сыйлыққа ие болдым. Қасым маған осылайша үлкен сыйлық алып берді.

Қасым шығармашылықта бақытты болғанмен, өмірде жолы болмаған адам. Романымда Қасым өмірден қайтар алдында аузына былайша сөз саламын: «Қазақ ақындарының ішінде қазір ең бақытсызы менмін, түбінде ең бақыттысы болуым ғажап емес». «Шамамен осылай деп айтып еді, сен оны қайдан білдің?» деген еді романды оқыған Сақыпжамал апай. Қасым қатты ауырып жатқанда достары да қарасын көрсетпепті. «Алты ай жаттым ауырып, Бір келмеді хал сұрап» деген өлеңі бар. Өзі тақыр кедей болса да жастарға көп қамқорлық көрсеткен. Баймұханбет Тоқтаров деген жас жазушы ақынның үйінде тегін тұрған. Мен ол кісіні көргем, тақия киіп жүретін, ұзын бойлы, арық кісі еді. Сол кісіге Қасым «қыдырып кел» деп ақша береді де, үйде шешесі Айғанша, қыздары Жанна мен Дариға, Сақыпжамал апай бесеуі қалады. Содан апайдың айтуынша, Қасым өлерін сезді ме екен, шарап алғызып, апайға ішкізген, өзі де аздап ішіп, ән салған көрінеді. Бұл Жаңа жыл жақындап қалған кез болса керек...

Әкімдері ақындарын іздесе...

- Ақындары әкімдерін іздесе,
Ондай елдің маңдай соры бес елі.

Әкімдері ақындарын іздесе,
Бақыт нұрын кешеді...

Ілияс Омаров болмаса, Қасым сол бойы дүниеден үйсіз өтер еді. Абай өлеңдегі Алатау болса, Қасым - Қаратау. Осы жылдың басында «Айқын» газетінде менің «Ардың жүгі нардың жүгінен де ауыр» деген мақалам бір бет болып шықты. Сонда Қасымға қатысты нақты қолға алынуы тиіс іс ретінде 12 ұсыныс айтқанмын. Сол ұсыныстар әлі сөз күйінде тұр.